КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 18 қыркүйек №5265-23-00-2/2097 іс Шымкент қаласы.

Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты Г.Ж.Жолбарыс төрағалығымен оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі (әрі қарай – РММ, Парк)

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер Альзаир Ұланұлы Пернебек (әрі қарай- ЖК А.Пернебек)

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 147, 223-226, 229 - баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШТІ:

««Қазақстан республикасының Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» РММ-нің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

ЖК Альзаир Ұланұлы Пернебек мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

ЖК Альзаир Ұланұлы Пернебектен (ЖСН 970 910 300 731) мемлекеттің пайдасына мемлекеттік баж салығы 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде Шымкент

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 18.09.2023
Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 26.10.2023
5265-23-3-1/2332

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Шымкент қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы шағым, прокурор өтінішхат келтіруге ерікті.

Судья Г.Жолбарыс

Құжатқа қол қойылған: Жолбарыс Г. Ж., 18.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 26.10.2023, судья Жолбарыс Г. Ж., 26.10.2023

5265-23-3-1/2332